**Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы 212 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 12076 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 807 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.11.2016 № 807 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабы 21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Технологиялық және инновациялық даму департаменті (А.Б. Батырқожа):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі Е.К. Сағадиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ә.Исекешев*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі*
*________________ Б. Сұлтанов*
*2015 жылғы 4 қыркүйек*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі*
*________________ Е. Досаев*
*2015 жылғы «_____» __________*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы*
*____________ Т.Жақсылықов*
*2015 жылғы 24 шілде*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 212 бұйрығымен бекітілді

# Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру ережелері

## 1. Жалпы қағидалар

1. Шетелде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік

технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі – Заң ) 5-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) грант алушы – осы Ережелерге сәйкес грант алған жеке және заңды тұлға;

2) индустриялық-инновациялық жоба (бұдан әрі – жоба) – технологиялар трансфертіне, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар және қызметтер жасауға бағытталған, белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;

3) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) инновациялық грант – инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің индустриялық-инновациялық жобаларын іске асыру үшін оларға өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаты;

5) кешенді өтінім – осы Ережелердің талаптарына сәйкес, осы Ережелермен ескерілген екі және одан да көп грант түрлерін алуға қажетті құжаттарды қоса берілген, белгіленген үлгідегі өтініш;

6) өтінім – осы Ережелердің талаптарына сәйкес қосымша құжаттармен белгіленген үлгідегі өтініш;

7) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын, осы Ережелерге сәйкес инновациялық грант алуға арналған өтінімді қарауға ұсынған тұлға;

8) ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы – технологиялық даму саласындағы ұлттық институттың басшысы орынбасарларының бірінен ұлттық институттың бірінші басшысымен айқындалатын тұлға.

3. Инновациялық гранттар өтініш берушілерге уәкілетті органмен бекітілген инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасына сәйкес беріледі.

4. Инновациялық гранттарды беру процесстерін ақпараттық қамтамасыз ету технологиялық даму саласындағы ұлттық институтпен (бұдан әрі – ұлттық институт) жүргізіледі.

5. Инновациялық гранттарды беру шарттары осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген (бұдан әрі – инновациялық гранттарды беру).

6. Инновациялық гранттарды беру осы Ережелерге сәйкес технологиялық даму саласындағы ұлттық институтты тарту арқылы уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

7. Өтініш беруші бір уақытта осы Ережелерде көзделген екі және одан да көп гранттарды алуға кешенді өтінім беруге құқылы, сондай-ақ индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамада көзделген өзге инновациялық гранттарды алуға үміттене алады. Инновациялық гранттарды алу үшін кешенді өтінішті қалыптастыру талаптары осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген.

Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге қаражат жұмсаған индустриалды-инновациялық қызмет субъектілерінің өтінімдері, қаражат жұмсаған күннен 1 (бір) жыл ішінде қабылданады.

8. Ұлттық институттың акционерін және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, ұлттық институт инновациялық гранттарды беруге қатысы жоқ үшінші тұлғаларға өтінім туралы ақпараттың жария етілмеуін қамтамасыз етеді.

## 2. Инновациялық гранттарды беру тәртібі

### 1 Параграф. Гранттар беруді ұйымдастыру

9. Ұлттық институт жылына 2 (екі) реттен кем емес бұқаралық ақпарат құралдарында және ұлттық институттың ресми интернет-ресурсында өтінімдерді қабылдау мекенжайын және өтінімдерді қабылдау мерзімі, инновациялық гранттар өтінімдерін қабылдауы туралы жариялайды.

10. Ұлттық институт ұлттық институт пен уәкілетті орган арасында жасасқан шартпен белгіленген мерзімде уәкілетті органға инновациялық гранттарды беру рәсімдерін өткізу туралы есеп береді.

11. Ұлттық институтпен анықталмаған мерзімдер ішінде қабылданған өтінімдерді қоспағанда, инновациялық гранттарды беру рәсімі уәкілетті органға берілетін есеп беру күнінен кейін тоқтатылмайды.

12. Инновациялық гранттарды беру рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

1) ұлттық институттың өтінімдерді қабылдауы және осы Ережелердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы өтініштің осы Ережелердің талаптарына сәйкессіздіктері (бар болған жағдайда) туралы өтініш берушіні ескертуі;

3) ұлттық институттың өтінімдерді тәуелсіз сараптамадан өткізуін ұйымдастыруы;

4) ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы тартылған екі тәуелсіз сарапшының теріс қорытындысы туралы өтінім берушіні хабарландыруы;

5) ұлттық институттың мәлімденген шығындардың негізділігін тексеруі;

6) ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы өтініш берушіні шығындардың негізділігін тексеруі нәтижесі туралы хабардар етуі;

7) инновациялық грантты беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда ұлттық институттың грант алушымен инновациялық грант беру туралы шартқа отыру;

8) шарттың талаптарына сәйкес инновациялық грантты беру;

9) инновациялық грант беру туралы шартқа сәйкес жүзеге асып жатқан жобалар бойынша мониторинг.

13. Өтінім беруші, ұлттық институттың сұранымы бойынша, қажетті құжаттарды тапсыру уақытынан басқа, осы Ережелердің 12-тармағының 2)-8) тармақшаларында көрсетілген инновациялық гранттарды беру рәсімдерін жүргізу жалпы мерзімі 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

14. Өтінімдерді қарастыру ұлттық институт белгіленген мерзімде жылына 2 (екі) реттен кем емес, арасы 40 (қырық) күннен кем емес уақытта жүргізіледі.

Ұлттық институтпен анықталмаған мерзім ішінде келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды.

15. Ұлттық институт барлық түскен өтінімдерді тіркеп және 1 (бір) жұмыс күнінен кем емес уақытта олардың Ережелерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

16. Өтініштердің осы Ережелерге сәйкестігін тексеру кезеңінен кейін, 2 (екі) күннен кем емес күн ішінде ұлттық институт өтініш берушіге табылған сәйкессіздіктер туралы (табылған жағдайда) сауалнамада көрсетілген поштаға және электрондық поштаға хабарландыруды жібереді.

17. Өтініш құжаттары осы Ережелерге сәйкес келмеген жағдайда, өтініш беруші сәйкессіздікті жояды және осы Ережелерге сәйкес өтінішті немесе жетіспейтін және (немесе) түзетілген материалдарды және (немесе) құжаттарды қайта ұсынады.

Егер өтінішті қайта ұсыну кезінде, ұлттық институтпен анықталған

сәйкессіздіктер жойылмаса, өтініш ағымдағы жылда қарау мүмкіндігінсіз қайтарылады.

Жетіспейтін және (немесе) дұрысталған материалдарды және (немесе) құжаттарды ұсыну кезеңі кезінде өтінімді қарастыру мерзімі тоқтатылады.

Егер 15 (он бес) жұмыс күн ішінде сұратылған материалдар және (немесе) құжаттар ұсынылмаса, өтініш өтініш берушіге одан әрі караусыз қайтарылады.

18. Тәуелсіз сараптаманы өткізу үшін ұлттық институт отандық және шетелдік сарапшыларды тартады.

Тәуелсіз сараптаманы өткізу және тәуелсіз сарапшыларды іріктеу талаптары осы Ережелердің 3-қосымшасында көрсетілген.

19. Егер 2 тәуелсіз сарапшы тартылған жағдайда өтінім бір тәуелсіз сарапшыдан теріс қорытынды алған жағдайда, ұлттық институт үшінші тәуелсіз сарапшыны тартады.

20. Егер 2 тартылған тәуелсіз сарапшыдан теріс қорытынды алған жағдайда, ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы инновациялық грантты беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және 12 жұмыс күнінен кем емес уақыт ішінде тартылған тәуелсіз сарапшылардың қорытындысы қосымшасына сәйкес өтініш берушіге хабарлама жөнелтеді.

21. Ұлттық институт тәуелсіз сараптаманы өткізу көрсеткіші бойынша тәуелсіз сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін өтінім бойынша мәлімделген шығындардың негізділігін тексереді.

22. Инновациялық гранттарды алуға мәлімделген шығындардың негізділігін бағалауды жүргізу рәсімдері ұлттық институттың актілерімен реттеледі және ұлттық институттың интернет-ресурсында орналастырылады.

23. Шығындардың негізділігін бағалауды жүргізуге ұсынылған ақпараттың жетіспеушілігі кезінде ұлттық институт бір реттен артық емес өтініш берушімен мәлімделген шығындарды растайтын ақпаратты өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген өтініш берушінің электрондық мекен-жайына және поштасына жолдайды.

24. Өтініш беруші ұлттық институтқа шығындарды растайтын сұратылған материалдар және (немесе) құжаттарды қоса қажетті ақпаратты электрондық пошта және пошталық катынас арқылы өзінің қолтаңбасы бар (өтініш беруші жеке тұлға болған жағдайда) немесе уәкілетті тұлғаның немесе өтініш беруші-ұйымның бірінші басшысының қолтаңбасы бар (өтініш беруші заңды тұлға болған жағдайда) жолдама хатпен бірге сұраныс жіберілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде ұсынады.

Өтініш беруші жетпей тұрған және (немесе) түзетілген материалдар және ( немесе) құжаттарды ұсынған мерзімде, ұлттық институтпен өтінімді қарастыру тоқтатылады.

Сұратылған құжаттар сұраныстың күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде ұсынылмаған жағдайда өтінім ағымдағы жылда оны одан әрі караусыз өтініш берушіге қайтарылады.

25. Тексеру қорытындысы бойынша есептелінген, негізделген мәлімденген шығындардың мөлшері мүмкін қаражат мөлшері ретінде шығын баптары бойынша жұмсауға болжанатын шығындар болып белгіленеді.

26. Шығындарды мәлімдеу барысында өтініш беруші жоба бойынша белгіленген сомасының толық емес көлемін негіздеген жағдайда, сұралынған сома пропорционалды түрде негізделген сомаға дейін төмендетіледі.

27. Ұлттық институт мәлімденген шығындардың негізділігін бағалау аяқталғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде мәлімденген шығындардың негізділігін бағалау нәтижелерін өтініш берушінің сауалнамасында көрсетілген мекенжайға танысу үшін жолдайды.

28. Өтініш беруші 5 (бес) жұмыс күннің ішінде электрондық пошта немесе пошта арқылы ұлттық институттың атына шығындардың негізділігінің қорытындысымен келісу немесе келіспеуі туралы өзіңнің қолтаңбасы бар (өтініш беруші жеке тұлға болған жағдайда) немесе уәкілетті тұлғаның немесе өтініш беруші-ұйымның бірінші басшысының қолтаңбасы бар (өтініш беруші заңды тұлға болған жағдайда) хатты жолдайды. Шығындардың негізділігінің қорытындысымен келіспеген жағдайда ұлттық институт инновациялық грантты беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

29. Өтініш берушіден шығындардың негізділігінің қорытындысымен келіспеген жағдайда ұлттық институттың уәкілетті тұласы инновациялық грантты беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Өтініш берушіден шығындардың негізділігінің қорытындысымен келіскені туралы жазбаша хаты болғанда ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы инновациялық грантты беру туралы шешім қабылдайды.

31. Инновациялық грант өтініш берушімен ұлттық институт арасында ұлттық институтпен анықталған нысанға сәйкес екі жақты шарт жасасқанда беріледі.

32. Осы Ережелердің 27-29-тармақтарында қарастырылған шешімдер қабылданған күннен бастап ұлттық институттың уәкілетті тұлғасы өтініш берушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді.

33. Инновациялық грантты беру туралы шарт өтініш берушіге шығындардың негізділігін тексеру бойынша қорытындымен келісу туралы хатты ұсынған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қою үшін ұлттық институтпен жөнелтіледі .

34. Инновациялық грантты беру туралы шарт өтініш беруші тарапынан 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жасалмаса, ұлттық институттың әкілетті тұлғасы инновациялық грант беруден бас тарту және одан бұрын жасалған шешімнің

күшін жою туралы шешім шығарады.

35. Инновациялық грант беру туралы шартқа қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның көшірмесі уәкілетті органға жіберіледі.

36. Жасалған шарттың талаптарына сәйкес жобаны жүзеге асыруды бақылау мақсатында кейіннен уәкілетті органға жарты жылда бір рет есеп жіберу үшін ұлттық институт инновациялық грантты беру туралы шарттың талаптарына сәйкес жобаны жүзеге асыру барысының тұрақты мониторингін жүргізеді.

37. Жасалған инновациялық гранттарды беру туралы шарттар бойынша жобалардың мониторингі ұлттық институттың актілерімен реттеледі және оның интернет-ресурсында орналастырылады.

38. Гранттың қаражатын грант алушыға аудару жасалған инновациялық грантты беру туралы шарттың талаптарына сәйкес ұлттық институтпен жүргізілген іс-шалаларды (әрекеттерді) жүзеге асыру мониторингінің қорытындылары бойынша кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

39. Ұлттық институт инновациялық гранттар беру туралы шешім қабылданған жобалар жөніндегі ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

## 2 Параграф. Шетелде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге грант алу үшін материалдар және ( немесе) құжаттар тізімі

40. Осы Ережелерге сәйкес инновациялық грантты алуға үміткер өтініш беруші ұлттық институтқа мына құжаттарды ұсынады:

1) осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша грантты алуға өтініш;

2) осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

3) осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік жоспардың жобасы (оған қоса ағылшын тілінде, электрондық тасымалдаушыда Word форматында және сканерленген PDF немесе JPEG форматында);

4) осы Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, мәлімденген және ( немесе) жұмсалған шығындарды растайтын құжаттарды (шарттардың, келісімдердің көшірмелері, жұмыстар мен қызметтер сметасының техникалық ерекшелігі, өзге жеткізушілердің балама бағалық-коммерциялық ұсыныстары, интернет ресурстарға сілтемелер, төлем шоттары және т.б.) қоса берумен шығындар сметасының жобасы ұсынылады (оған қоса ағылшын тілінде, электрондық тасымалдаушыда Word форматында және сканерленген PDF немесе

JPEG форматында);

5) заңды тұлғаға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың бар болуын растайтын «Электронды үкімет» порталынан электронды құжат;

Ескерту: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

6) салық төлеушінің салықтық берешегінің және төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, өтінім беру күнінің алдындағы үш айдан артық жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқтығы немесе болуы туралы анықтамасы;

7) заңды немесе жеке тұлғалар үшін - басшы болып табылатын тұлғаға өтінімді беруге, қол қоюға, инновациялық грантты беру туралы шартқа қол қоюға берілген құзыретті растайтын құжат;

8) жеке тұлғалар үшін – қолма қол ұсынған кезде жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмелері және түпнұсқалары, салыстырып тексергеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады, немесе пошта арқылы түскен кезде жеке куәліктің немесе паспорттың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

9) жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың бар болуын растайтын « Электронды үкімет» порталынан электронды құжат;

41. Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға грант алуға үміткер өтініш беруші осы Ережелердің 40-тармақтың 1)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша ұлттық институтқа мына құжаттарды ұсынады:

1) қызметтерді орындаушы-ұйыммен және өтініш берушімен келісілген мәлімденген мерзімдегі өтініш берушінің инженерлік-техникалық персоналының біліктілігін арттыру бағдарламасы (оған қоса ағылшын тілінде, электрондық тасымалдаушыда Word форматында және сканерленген PDF немесе JPEG форматында);

2) қызметкердің алған білімі мен дағдыларын өтініш берушінің кәсіпорнында қызметінде кемінде 1 жыл ішінде қолдану туралы міндеттемесін қамтитын өтініш беруші мен қызметкер (шет елге біліктілігін артыруға жіберілген) арасында жасасқан еңбек шартының көшірмесі, (сондай-ақ ағылшын тілінде

электронды тасымалдауышта Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

3) өтініш берушінің инженерлік–техникалық персоналының біліктілігін арттыру жоспарланатын, немесе осы қызметтерді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін ұйыммен өтініш берушінің ынтымақтасу ниетін растайтын біліктілікті арттыру курсының құны көрсетілген құжат (орындаушы-ұйыммен қызметтер қабылданбаған немесе көрсетілмеген жағдайда ұсынылады) (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

4) іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына керіқарай жол жүру құнын, біліктілікті арттыру мерзімі ішінде тұру құнын, оларды төлеуді растайтын құжаттар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта ( Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады).

42. Жоғары біліктік шетелдік мамандарды тартуға грант алуға үміткер өтініш беруші осы Ережелердің 40-тармақтың 1)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша мына құжаттарды ұсынады:

1) осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес жоғары білікті шетелдік маманның жоғары кәсіптік білімі және инженерлік-техникалық саладағы кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі болуын растайтын құжат (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

2) тартылуға болжанатын жоғары білікті шетелдік маман қызметінің құнын растайтын құжаттар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта ( Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады).

43. Консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға грант алуға үміткер өтініш беруші осы Ережелердің 40-тармақтың 1)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша мына құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті деп танылатын, мемлекеттік органдармен берілетін лицензиялар мен рұқсаттамалардың түпнұсқасы және көшірмелері, салыстырып тескергеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады, немесе пошта арқылы түскен кезде мемлекеттік органдармен берілетін лицензиялар мен рұқсаттамалардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымның ұсынылатын қызметтер саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі болуын растайтын біліктілік туралы мәліметтер (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word

форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

3) тартылатын консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйым оларға ұқсас қызметтерді көрсеткен кемінде үш клиенттен ұсынымдар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

4) консалтингтік, жобалық және инжинирингтік қызметтер саласында қызмет көрсететін ұйымның консалтингтік, жобалық және инжинирингтік қызметтерді көрсету құнын растайтын құжаттар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады).

44. Басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге грант алуға үміткер өтініш беруші осы Ережелердің 40-тармақтың 1)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша мына құжаттарды ұсынады:

1) осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу саласында қызмет көрсетуші ұйымның басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу саласындағы кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесін растайтын біліктілігі туралы мәліметтер (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

2) тартылатын ұйым оларға ұқсас қызметтерді көрсеткен кемінде үш клиенттен ұсынымдар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымладауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады);

3) басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу саласында қызмет көрсетуші ұйымның басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу саласындағы қызметтерді көрсету құнын растайтын құжаттар (сондай-ақ ағылшын тілінде электронды тасымалдауышта (Word форматында және PDF немесе JPEG форматында сканерленген түрде ұсынылады).

45. Грантты алуға өтініш ұлттық институтқа мемлекеттік немесе орыс тілінде қағаз тасымалдауышта екі данада (түпнұсқа және көшірме) және электронды тасымалдауышта ұсынылады (Word форматында).

46. Грантты алуға өтінімнің материалдары бірыңғай бумаға жинақталған, беттері нөмірленген және осы Ережелердің талаптарына сәйкес рәсімделген болуы тиіс.

47. Инновациялық грантты беру туралы шарт жасасқан өтінім материалдары өтініш берушіге қайтарылмайды.

48. Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың, бастапқы мәліметтердің, есептердің, негіздемелердің толықтығын және сенімділігін қамтамасыз етеді.

Өтініш беруші ұсынған ақпаратта есептерде пайдаланылған мәліметтердің көзі және есепті жүргізу күні көрсетіледі.

Инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін шетелде арттыруға, шетелдік жоғары білікті мамандарды жұмылдыруға, консалтингілік, жобалық инжинирингілік ұйымдарды жұмылдыруға, басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге инновациялық гранттар беру ережесіне 1-қосымша

## Инновациялық гранттарды беру шарттары

## 1. Шетелде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға грант беру шарттары

1. Шетелде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға грант өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін жаңа білімді, дағдыларды және тәжірибені алу мақсатында беріледі.

2. Ағымдағы күнтізбелік жыл шегінде өтініш беруші шет елде инженерлік-техникалық персоналдың өтініш берушінің атқарушы органының басшысы немесе мүшелері болып табылмайтын 10 (он) артық емес қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға грант алуға 1 (бір) өтінімді бере алады.

3. Шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға грант 1 (бір) маманға жылына 2 000 000 (екі миллионнан) артық емес көлемдегі шығын құнын өтеуді көздейді және өтініш берушіге шығындарды өтеу түрінде беріледі, бірақ дәлелденген мәлімденген шығындардың 40 (қырық) пайызынан артық емес.

4. Шетелде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруға бағытталған грант, өтініш берушіге келесі шығындардың бөлігін өтеуге беріледі:

1) іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүруі бойынша (іссапарға жіберілген адамға әкімшілік жол жүруге тиісті қаражат беретін жағдайлардан басқа) ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде:

темір жол бойынша купелі вагон тарифі (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, орналасуын реттейтін құрылғы орнатылған жұмсақ креслолары бар ( СВ) 2 орындық, сондай-ақ аса жүрдек пойыздардың «Турист» және «Бизнес» сыныпты купелі вагондарын қоспағанда);

су жолдары;

тас жол және топырақты жолда бойынша – осы елді мекенде қолданылатын

жол жүру құны бойынша;
және әуе көлігімен – растаушы құжаттар бар болса, экономикалық сынып тарифі бойынша;
жол жүру билеттері мен қонақ үйден орын броньдау құны;
іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру кезінде мұндай шығыстарды растайтын құжаттары бар болса, поездарда төсек-орын жабдығын пайдалану құны;
2) біліктілікті арттыру мерзімінің ішінде бір орындық қонақ үй бөлмесінің құны бойынша тұру құнын төлеуге – нақты шығындар бойынша стандарт, оның ішіне құнына тең тұрғын үй ақысына оның ішінде тәуліктік шығындарды қоспағанда, мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік шетелдік іссапарларын республикалық және жергілікті бюджет есебінен өтеуді реттейтін нормативтік құқық актіге сәйкес мөлшерлемелер бойынша броньдау шығыстары жұмсалған шығындардың бірбөлігін төлеу түрінде беріледі.
3) шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру қызметін ұсынатын ұйым қызметінің құны.
5. Біліктілігін арттыруға жіберілген қызметкердің оқу кезінде болу ұзақтығы:
курстарда, семинарларда оқығанда 1 (бір) айдан;
тағылымдамадан өту кезі 3 (үш) айдан аспауы тиіс.
6. Өтініш берушінің шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыру грант бойынша жобаның іске асыру нәтижелері ретінде:
1) курстарда, семинарларда оқу және тағылымдамадан өту қорытындысы туралы есеп, соның ішінде оқуды өтуді растайтын құжаттардың көшірмелері ( сертификат, диплом);
2) еңбек өнімділігіндегі және (немесе) орындалатын жұмыстың тиімділігіндегі өзгерістер туралы есеп (ұлттық институт қорытынды есепті қабылдаған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін тапсырылады).
7. Осы Ережелерге сәйкес, оларды шет елде инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыру жоспарланатын ұйымдар болып шетелдік білім беру, ғылыми, ғылыми-өнеркәсіптік немесе өнеркәсіптік ұйымдар табылады.

## 2. Жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға грант беру шарттары

8. Жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға грант технологиялық процесті жетілдіру, жабдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру үшін беріледі. Осы Ережелерге сәйкес инженерлік-техникалық саладағы шетел мамандарын тарта алады.
9. Жылына 3 (үш) маманнан артық емес жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту шығындарының бір бөлігін өтеу көрсетілген қызметтер құнын өтеуге

жұмсалған қаражаттың (тәуліктік, тұрғын үй, жолақы шығындарын қоспағанда) 40 (қырық) пайызы шегінде жүргізіледі, бірақ жылына 1 (бір) маманға 9 000 000 ( тоғыз) миллион теңгеден аспайды. Жылына біліктілігі жоғары 3 (үштен) артық шетел маманы тартылған жағдайда жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға грантқа сәйкес одан кейін тартылған жоғары білікті шетелдік мамандар қызметтерінің құны өтелмейді. Жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға грантқа ие болу мерзімі 1 (бір) жылдан аспауы тиіс.

10. Білікті шетелдік мамандардың грант алушыға көрсетілген қызметтері нәтижесі бойынша өтеу жобаларды іске асыру мониторингі нәтижелері бойынша күнтізбелік жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүргізіледі.

11. Мыналар өтініш берушінің жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға грантқа ие болу нәтижелері болып табылады:

1) жоғары білікті шетелдік маман енгізген технологиялық процестерді жақсартуға бағытталған ұсыныстарды көрсетумен атқарылған жұмыс туралы есеп;

2) жоғары білікті шетелдік маманның атқарған жұмыстарының актісі;

3) еңбек өнімділігіндегі және (немесе) орындалатын жұмыстың біліктілігіндегі өзгерістер туралы есеп (ұлттық институт қорытынды есепті қабылдаған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін тапсырылады).

## 3. Консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға грантты беру шарттары

12. Консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға грант технологиялық процестерді жетілдірудің техникалық құжаттарын әзірлеуге беріледі.

13. Осы Ережелерге сәйкес консалтингтік ұйым деп компанияны басқару жүйесін қалыптастырумен, қайта ұйымдастырумен және қызмет етуімен байланысты мәселелерді шешу бойынша кәсіпорындарға көрсетілетін кәсіби көмек ретінде танылады.

14. Грант консалтингтік ұйым көрсететін мынадай қызметтерге беріледі:

1) кәсіпорынның жалпы жұмысын оңтайландыру (энергия аудиті, ақпараттық технология саласындағы консалтинг, оның ішінде автоматтандырылған жүйенің функционалдық сипаттамасына қойылатын талаптарды қалыптастыру және компанияны басқару жүйесін қалыптастырумен, қайта ұйымдастырумен және қызмет етуімен байланысты мәселелер жиынтығын шешу бойынша оны ұйымдарға енгізу бойынша);

2) өнеркәсіптік дизайн әзірлеу бойынша қызметтер.

15. Осы Ережелерге сәйкес жобалық және инжинирингтік ұйымдар ұйымның

өндірістік процеске дайындығымен байланысты қызметтер кешені, өндірістік процесті қамтамасыз ету және өнім өндіру, компания қызметінің негізгі өзекті көрсеткіштеріне – құн, қызметтер, сапа, даму қарқыны – түпкілікті қол жеткізу үшін бизнес процестерін қайта жобалау бойынша қызметтер кешенін ұсынатын ұйымдар болып табылады.

16. Жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға грант инженерлік ниет пен шешімдерді дайындауға, жаңа конструкцияларды іздеуге, технологиялар мен оны өндіріске енгізу мүмкіндіктерін айқындауға, өндіріс процесінің қалыпты жұмысын сүйемелдеу мен басқаруға және өнім өндіруге беріледі.

17. Өтініш беруші өтінімде консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды немесе олардың бірін тарту қажеттілігін көрсете алады.

18. Консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тартуға арналған грант қызметтің құнын өтеуіне беріледі:

1) 40 (қырық) пайыз, бірақ 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде консалтингтік ұйымдар қызметінің құнын өтеуді көздейді. Грантты игеру мерзімі алты айдан аспауы тиіс;

2) 30 (отыз) пайыз, бірақ 30 000 000 (отыз миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде жобалық және инжинирингтік ұйымдар қызметінің құнын өтеуді көздейді. Грантты игеру мерзімі он сегіз айдан аспауы тиіс.

